

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – Б.288.
- 2 Сыздықова Г.О. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы: Оқулық. – Алматы, 2012. – Б.160.
- 3 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.384.
- 4 Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл? – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – Б.432.
- 5 Егемен Қазақстан – Ege men Qazaqstan

Муратова Аяулым Оралқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші:

Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы,
ф.ғ.к. профессор

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕР

Мақалада Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикасы мен қазіргі түркі тілдері арасындағы өзгешеліктер қарастырылған.

Тірек сөздер: Орхон-Енисей, ескерткіш, лексика, грамматика, терминдер, түркі тілдері, сына жазуы.

Лексика – тілдің өте құбылмалы қаттауы екені мәлім. Сондықтан Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикасы мен қазіргі түркі тілдері арасындағы өзгешеліктердің едәуір болуы заңды. Сөйте тұра сына жазулы көне түркі ескерткіштер тіліндегі жеке сөздердің көпшілігінің мағыналық және тұлғалық бітімі жағынан қазіргі бірқатар түркі тілдеріндегі соның ішінде қазақ тіліндегі сөздермен бірдей түсетіндігі байқалады.

Оларды зерттеушілер:

1/ адамдарға және туыстық қатынастарға байланысты сөздер: ата, қатун, қыз, іні, сіңлі, келін, йегін /жиен /, оғул /ұл /.

2/ табиғат құбылысына қатысты сөздер: йер, тағ, қар, таш, тас, йыл, күн, суб, құм.

3/ әлеуметтік қатынастарға байланысты сөздер: ес, іл, йурт, қан, / хан /, қаған, бек, бай, күң, чығай / кедей /, тәрү /төре, заң /.

4/ әскери лексикаға жататын сөздер: сү / әскер /, шерік / шеру /, уруш, қылыч, сүңгі, оқ.

5/ шаруашылыққа, тұрмысқа қатысты сөздер: бедіз / өрнек /, ағыл / ауыл /, қапығ / қақпа /, еб / ұй /.

6/ жан-жануарлар атаулары: адғыр, ат, буқа, тай, інгек / сиыр /, бөрі, қой, йылқы, йонт / жылқы /, барс, бичін / мешін /.

7/ анатомиялы атаулар: баш, бас, адақ, көз, қаш, құлғақ, йүрек, сач, тіл, од /от /.

8/ заттардың сынын көрсететін сөздер: бедүк – биік, йуйқа - /жұқа/, йоған, йінчке, узун, қалың, улуғ, кічіг[1, 13].

Түпүтке кічіг тегмедім – Тибетке сәл жетпедім, Өзі қысға / өмір сүрді / кергек болты - өзі өмір сүрді, Улуғ күлі Чор секіз он йасап, йоқ болты – Ұлы Күлі Чор сексен жасап, қайтыс болды. Бен өзүм узун йелмег ытты – Менің өзім алысқа шабуыл жасауды ұйғардым. Қағаны алп ерміс – қағаны алып еді.

ә/ заттың сапасын білдіретін сөздер: арығ, арық, едгү, қары, йіг, йаблақ, семіз, тоқ.

Семіз буқалы – семіз бұқалы, сүчіг сабын – тәтті сөзін, түрк будун тоқ – түркі халқы тоқ. Біздің сү аты туруқ – Біздің ескердің аттары арық.

в/ заттың түр-түсін көрсететін сөздер: ақ, боз, йашыл, йегрен, көк, тарығ, қара, қызыл, өрүң, сарығ.

Ақ атын бiнiп омайу тегдi – Ақ атын мiнiп шабуылға шықты. Боз атығ бiнiп тегдi iлгерi нашыл үгiз тегi сүледiмiз – Алға жасыл өзенге дейiн соғыстық. Көк теңрi – Көк тәңрi. Қара будун – жай халық, Қызыл қаны төктi – Қызыл қанын ағызды. Сарығ алтун – сары алтын.

9/ есiмдiктер: бен, мен, сен, сiн, бiз, сiз, не, қаны,бу, кiм, ол.

10/ Сан есiмдер: бiр, екi, үч, төрт, беш, алты, йетi, секiз, тоқуз, он, йiгiрмi, отуз, қырық, елiг, йуз, мың, бiң, түмен.

11/ етiстiктер: -те, есiд, олур-/отыр/, йат-йарат, көр, бiл, тут, йаңыл, сақын, сығта.

12/ Үстеулер: iлкi, кiдiн /кейiн/, күнтүз, таңүнтүрү /таң ата/ сияқты сөздер деп бөлiп, олардың қазақ тiлiне де тән екендiгiн, бiрлi-жарым фонетикалық айырмасы болмаса, негiзiнен сол қалпында сақталғандығын көрсетедi[2, 103].

Зерттеушi Ә.Құрышжанов пен М.Томанов Орхон-Енисей ескерткiштерi тiлiндегi қазiргi қазақ тiлiмен тұлғалық әрi мағыналық жағынан ұқсастығы / сәйкестiгi / айқын, ешқандай айырмашылығы жоқ сөздер деп 130 сөздi, ал қазiргi қазақ тiлiмен салыстырғанда кейбiр фонетикалық ерекшелiгi бар сөздер деп 397 сөздi, тұлғалық та, мағыналық та жағынан ұқсастық таппайтын сөздер деп 311 сөздi тiзiп көрсетедi. Бұл өте құнды статистикадан бiз қазiргi қазақ тiлiне, оның әдеби түрiне мағыналық жағынан сай келетiн, тұлғалық жағынан да сай немесе аз-кем өзгешелiктерiмен сәйкесетiн сөздер сан жағынан сәйкес келмейтiн сөздерден көп екенiн көреміз. Әрине, көне және қазiргi тiлдердiң бiр-бiрiне алыс-жақындығын тек сөздердiң санымен ғана өлшенбейтiндiгiн мойындай отыра, дегенмен лексикалық қордың негiзi iлiктестiк тауып жатса, көне жаңа тiлдердiң де арналарының бiр екендiгiн көре аламыз[3, 68].

Ескерткiштерде кейбiр сөздер әр түрлi мағынада қолданыла бередi. Мұндай сөздер көп мағыналы сөздер деп есептеледi. Ерте кездiң өзiнде-ақ белгiлерi бiр-бiрiне ұқсас әр түрлi заттарды бiр сөзбен атаудың нәтижесiнде сөздiң көп мағыналылығы пайда болды. Әдетте, сөздiң көп мағыналылығы контексте айқын көрiнедi. Бұған текстерден мысал келтiре кетейiк:

1. Көк – түр түстi көрсетедi. Көк оңүч йуғуру, Өтүкен йышғару удуз тум – Көк оңүч өзенiнен өтiп, Өтүкен қойнауына бастадым.

2. Көк – аспан.

Үзе көк теңрi – Биiкте көк тәңрi

3. Көк – шөптi көрсетедi.

4. йурт-жер, 2/ йурт-отан, 3/ йурт-ел

5. бош-бос, 2/ бош-қатты, 3/ бош- бос болу

Ескерткiштер тiлiнде омоним сөздер де кездеседi. Сөздер түбiр күйiнде де, туынды күйiнде де омонимдер бола бередi. Текстерде түбiр сөздерден болған омонимдер өте жиi кездеседi. Олар төмендегiдей: ат – көлiк, ат – кiсiнiң аты, ат – етiстiк

Йуз – сан есiм, етiстiк, зат есiм

Күн – планета, күн – уақыт

Йаз – жаз / уақыт /, йаз – жазу /етiстiк /

Қан – ел билеушi, қан – адамның қаны

Йат – етiстiк, йат – бөтен

Ай – планета, ай – жылдың он екi бөлiгiнiң бiр аты.

1. Теңрi анча темiс ерiнч: Қан бертiм – Тәңрi /сонда/ былай деген екен: хан бердiм.

2. Қаның субча йүгүртi, сөңүкүң тағча йатады – қаның судай әр құйылды, сүйегiң таудай үйiлдi.

1. Аты – күчi йоқ болмадун тiйiн – Аты, даңқы өшпесiн деп.

2. Боз атығ бiнiп тегдi. Ол ат анта – Боз атын мiнiп шапты, ол ат сонда өлдi.

Ескерткіштерде дыбысталуы әр түрлі бірақ мағыналары бір-біріне жақын синонимдер де кездеседі. Олар төмендегідей: алп – ер, йабыз – йаблақ, әрүң – ақ, көп – үкүш, еб – барқ, қалуғ – сары, ай – те, ті т.б.

Ер. 1. Тоқыз еріг егіре тоқыды – Тоқыз ерін қуып тақымға басты.

2. Әдгү /кісіг /, білге кісіг, едгү алып кісіг йорымтаз ерміз – Ақылды кісілерді, батыл кісілерді табғаштар қозғай алған жоқ.

Жаман. 1. Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр – Жырақ болса, жаман берер.

2. һабыз, йаблақ будунта үзе олуртум

Ақ. 1. Күлтегін Байырқун ақ адғғырығ бініп, оплайу тегді – Күлтегін Байырқының ақ айғырын мініп, шабуылға ұмтылды.

2. Өрүң күміс, қыз – қыдыз, егрітебі, ағу бундыз келүрті – Ақ күміс, қыз-қыпқын, бағалы қазына-мүліктер есепсіз келіп жатты.

Қара. 1. Үзе көк теңрі, асра йағыз йер қылынтуқта – Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, Күлтегін Аз йағы зын бініп – Күлтегін Аз қарагерін мініп.

2. Қара көлте сүнүшдіміз – Қара көлде соғыстық. Қара құмұғ олурур ертіміз – Қара құмда отырушы едік[4, 43].

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді.

Ескерткіштерде мағыналары бір-біріне, қарама-қарсы келетін антоним сөздер де кездеседі.

Зат есімнен жасалған антонимдер: байчығай, қыш-йаз, батсық-тоғсық, күн-түн т.б. Чығайығ бай қылты – Кедейді бай қылды. Күн йене, түн йене йелу бардумуз – Күн демей, түн демей желіп бардық. Түрк будун үчүн түн удымадым, күнтуз олурмадым – Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым.

Антонимдер сын, сапаны білдіретін сөздер арқылы жасалады: қатығ – йумчак, қатты – жұмсақ, йіг – йаблақ, жақсы – жаман, қары – йали, кәрі – жас, арық – семіз, арық – семіз; узун – қысға, ұзын – қысқа, ач – тоқ, аш – тоқ, ақ – қара, ақ – қара, қалың – йуйқа, қалың – жұқа.

«Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр, йағүк ерсер едгү ағы бірүр» - тіп – Жырақ болса, жаман сыйлық берер, жақын болса, жақсы сыйлық берер», -деп; Семіз буқа, туруқ буқа тийін, білмес ерміс тийін – Семіз бұқаны, арық бұқаны, - дедім, айыра білмес дедім; Турк будун тоқ, Арық оқ сен, ачсық, тосық өлмес сен, бір тодсар, ачсық елмес – сен – Онда түркі халқы тоқ. Ашсың ғой сен, аштықты, тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты түсінбейсің; йуйқа қолун болсар, топлағулуқ алп ерміс, йінчге йоған болсар, үзгүлүк алп ерміс – Жұқа қалыңдаса, /оны тек / алып бүктейді, жіңішке жуандаса / оны тек / алып бүктейді; йалаң будуның тоңлығы, чығай будуның бай қылтам – жалаңаш халықты тонды, кедей халықты қылдым.

Сонымен қатар ескерткіштердегі антонимдер етістіктен де жасалған:

Ал – бер, ал – бер

Иат – олтур, жат – отыр

Себін – сақын, қуан – мұңай

Ол – тоғ, өлу – туу

Уч – қон, ұшу – қону

Ескерткіште үстеуден жасалған антонимдер де кездеседі:

Ілгерү – керү /кері /, ілгері – кейін

Йоқары – қоды, жоғары – төмен

Ічре – ташра, ішке – тысқа

Қурыйа – бірйіе, оңға – солға

Ілгерү – қадырқан йықша тегі, керү – Темір Қапуйқа тегі қонтұрмыс – Ілгнрі Қадырқан қойнауына дейін, кері – Темір қақпаға дейін жайлаған. Өнрекі ер йуғуру тегүрүр – Төмендегі ерлер жоғары шығып; ічре ашсыз, ташра тонсыз йабыз, йаблық будунта үзе олуртым – іші ассыз, сырты тонсыз бейшара, мүсәпір халыққа отырдым[5, 78].

Антонимдер басқа сөз таптарынан да жасалған: аз – көп, бар – йок т. б.

Азығ үкүс қылты – Азды көп қылды. Бұл келтірілген антонимдердің барлығына дерлігі қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданылады.

Сөздік қазынасының негізі сақталып келгенімен, ондаған сөздердің бұл күнде, мысалы, қазақ тілінде қолданылмайтындығын білеміз. Дегенмен, қай түркі тілі болмасын өзінің бүгінгі лексикалық қазынасында көп сөздерді ішінара сақтап қалғандығы да байқалады. Мысалы, қазақ тілінде «мүлік» мағынасындағы көне түркілік барым сөзі, «шақыру» мағынасындағы оқу, «сөйлеу» мағынасындағы саб /сөз саптау, сөз сөйлеу/, «кедей» мағынасындағы шығай /Шықбермес Шығайбай / деген сөздер тұрақты тіркестердің құрамында немесе жалқы есімдердің аталуында сақталған. Осы сияқты «өзен» ұғымындағы «үгіз» сөзі топоним құрамында кездеседі. Бірқатар көне түркі тұлғалары бұл күндегі меонастық / бір мағынадағы екі сөздің қатар қолданылуы / тіркестерде сақталғанын көреміз. Мысалы, ел-күн, жылап- сықтау деген қос сөздердің екінші сынарының бірі күн көне түрлі жазбаларында «ел, жұрт» мағынасындағы сықтау – «жылау» мағынасындағы сөздер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хасенова А. Қазіргі қазақ туынды түбір етістіктер. – Алматы, 1959.
2. Изысканный дар тюрскому языку. – Ташкент, 1978. – 57 б.
3. Отар Әлі Бүркіт. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003.
4. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989.
5. Арынов Т. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981. 168-169-бб.

Оспанова Назым Батырбекқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші:

*Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
«Bolashaq» Академиясы,
ф.ғ.к. профессор*

ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

Мақалада экспрессивтік стилистиканың негізгі ұғымдары қатарында экспрессия, экспрессивтілік түсініктері әлемдік тіл білімі ғылымында көптен бері ғалымдардың назарын ерекше аударып, тереңнен зерттелуі қарастырылған.

Тірек сөздер: экспрессивтік, синоним, метафора, метонимия, транспозиция, коннотация, афоризм.

Экспрессивтік стилистиканың негізгі ұғымдары қатарында экспрессия, экспрессивтілік түсініктері әлемдік тіл білімі ғылымында көптен бері ғалымдардың назарын ерекше аударып, тереңнен зерттеліп келеді. Тіл туралы ғылым бұл құбылыстың тілдің әртүрлі деңгейінде жүргізілетін зерттеулерге арналған көптеген жұмыстарды жинақтайды.

Көптеген ғылыми еңбектердің авторлары экспрессия және экспрессивтілік терминін тек синоним түрінде ғана емес, сонымен бірге өзара алмаса алатын лексикалық дублет түрінде де қарастырады. Бұл А.П.Горбунова, Ю.Д.Каражаева, А.Д.Кулова, И.И.Туранский, Л.М.Васильев және басқа ғалымдардың зерттеулерінде айтылады. Н.А.Лукьянова, В.Н.Цоллер, В.Н.Гридиннің еңбектерінде бұл ұғымдар өзара тең емес, екі түрлі ұғымдар ретінде анықталады.. Тілдің лексикалық бірлігінің экспрессивтік қасиетін зерттеген Н.А.Лукьянова осы екі түсініктің ерекшеленуін былайша түсіндіреді: «экспрессивтілік